

Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық

Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру және жоғары технологиялық өнімдерді шығару іске қосу мен дамыту үшін айтарлықтай инвестицияларды талап етеді. Осыған байланысты біз шетелдік инвестицияларды белсенді тартамыз, бұл қажетті капиталды қамтамасыз етеді және озық технологиялар мен халықаралық тәжірибені тартуға ықпал етеді.

Шетелдік серіктестермен ынтымақтаса отырып, біз инвестициялар ағыны үшін қолайлы жағдайлар жасаймыз – бірлескен инвестициялау есебінен тәуекелдерді азайтамыз және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауда қолдау көрсетеміз.

GRI 2-6 Қазіргі уақытта біз Қытай, БАӘ, Ресей, Италия, Катар, Франция және Әзірбайжанның шетелдік серіктестерімен бірлесіп 19 инвестициялық жобаны жүзеге асырудамыз.

Біз экономиканың түрлі секторларын дамыту мақсатында серіктестік туралы стратегиялық келісімдер жасадық:

- «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында Azerbaijan Investment Holding-пен «SK-AIX Investment Fund Ltd» бірлескен қоры тіркелді. Қазақстан-Әзербайжан инвестициялық қорының қызметі Транскаспий халықаралық көлік бағытын (ТХКБ) дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Қазақстан мен Әзірбайжан экономикасының әртүрлі секторларына инвестицияларды жұмылдыруға бағытталатын болады.
- Societe Generale қаржы конгломератымен электровоздарды сатып алуды қаржыландыруды, Қазақстанның ұлттық электр желісінің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға жәрдемдесуді; Қазақстан Республикасында тұрақты экологиялық авиаотынды (SAF) өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін мүмкіндіктерді зерделеуді; атом энергетикасы саласындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты қамтитын Стратегиялық ынтымақтастық туралы серіктестік келісімге қол қойылды.
- Энергетика саласында:
 - Ansaldo Energia-мен (Италия) энергетикалық жобаларды, оның ішінде станцияның қуатын арттыра отырып, ПМК базасында «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» жобасын іске асыру аясындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.
 - ҚР мен РФ Энергетика министрліктері арасында Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында ЖЭО салу жобалары бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

- China International Water&Electric Corp.-пен (CWE) Қазақстанда бірінші гидроаккумуляциялайтын электр станциясын (САЭС) салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.
- CNPC-мен PetroKazakhstan-мен (China National Petroleum Corp.) бірлесіп, қуаты 400 МВт ЖЭС салу жобасы бойынша Негіздемелік келісімге (FA) қол қойылды.
- China Energy тобымен 800 МВт ЖЭК жобасына бірлесіп инвестициялау туралы келісімге қол қойылды. Жоба аясында Қарағанды облысында қуаты 500 МВт жел электр станциясын және Түркістан облысында қуаты 300 МВт күн электр станциясын салу жоспарлануда.
- Қытайдың China Power International Holding компаниясымен электр энергиясын жинақтау жүйесін орнатумен қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу жобасын әзірлеу туралы келісім жасалды.
- Masdar компаниясымен (БАӘ) энергия жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС жобасы бойынша Инвестициялар туралы келісімге қол қойылды.
- Power International Holding (Катар) компаниясымен Қызылорда облысында бу-газ қондырғысы базасында электр станциясын салу жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыру (JIA) туралы келісімге қол қойылды.
- Nebras Power (Катар) компаниясымен Семей СЭС жобасы бойынша бірлесіп әзірлеу (JDA) туралы келісімге қол қойылды.
- Бұдан басқа, ЖЭК жабдықтарын өндіру мақсатында Жамбыл облысында жел генераторларының компоненттерін өндіру зауытын салу бойынша шетелдік серіктестермен келісім жасалды.
- Мұнай-газ химиясында Катардың UCC Holding компаниясымен Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын (ГӨЗ) салу жобаларын бірлесіп іске асыру туралы келісімдер жасалды.
- Тау-кен металлургия секторында Siemens компаниясымен Қазақстан аумағында өлшеу техникасын, өндірісті автоматтандыру құралдарын, электр жабдықтарын кезең-кезеңмен оқшаулауға бағытталған Стратегиялық келісімге қол қойылды.